

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тәрбие тал бесіктен

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.10.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/167458/>

Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің

Биология және биотехнология факультетінің

Б.ғ.к., доценті Чунетова Ж.Ж

Студенттің тұлғасын қалыптастыру ісіне қоғамның барлық мүшесі қатысады. Адам адамға тән қасиеттерді тек қоғамда өмір сүрудің негізінде ғана алады. Өзінің қоғамда алған тәжірибесін адам өз өміріннің барысында қолданысқа енгізеді. Алайда адамның алатын тәжірибесінің барлығыда жеке тәрбиенің негізінде ғана тиімді іске асқан.

Адамзат тарихының барлық кезеңінің барысында тәрбие іс — әрекеттің негізгі түрі ретінде адмзат тағдырын құтқарып келді.бұл қоғамның барлық кезеңінде болып келді және осылай болып қала да береді, себебі әр бір қоғамның, әрбір кезеңінде сол қоғамға қажетті адамды, сол адамның көзқарасы мен дүние танымын қалаптастыру қажет болады. Міне осы себепті қоғамның өмір сүру барысының барлық кезеңінде тәрбие адамдар үшін қажет.

Тәрбие процесі түрлі іс — әрекеттердің - оқу, қоғоғамдық - саяси, еңбек негізінде ғана іске асуына байланысты белгілі бір мақсаттар ұстанылуы қажет. Тәрбие мақсаты қоғамдық дамудың жолымен бірге өсіп — өркендеп отырмақ.

Тәрбие - бұл толыққанды жүретін процес. Адам жеке бөлшектерге бөлініп тәрбиеленбейді толық тұлға ретінде, жүйелі ықпалдардың негізінде тәрбиеленеді.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі,- деген Әл-Фараби бабамыз.

Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу - қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен құқықтық тәрбие бере білу - өлшеуі жоқ қазына.

Әрине, біз қашанда студенттерге жан-жақты құқықтық тәрбие беруді жетілдіріп отыру - басты парыз дейміз. Әл- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде студент ретінде

оқуға қабылданған соң, оларға көмекке куратор-эдвайзер келеді. Куратор-Эдвайзер студенттермен танысып университеттің жүйесімен таныстырып, білім алуларына бағыт бағдар беріп отырады. Әрбір студентке өз құқығымен міндеттерін, университеттің академиялық саясатымен таныстырып, кураторлық сағаттарын өткізеді. Биология және биотехнология факультетінің Молекулалық биология және генетика кафедрасында 10 -нан астам куратор-эдвайзерлер бар. Олар жыл сайын жаңа келген студенттерді қабылдап алып, бағыт-бағдар беріп отырады. Университет деңгейінде, факультет, кафедра деңгейінде әр түрлі студенттер арасында мерекелік, рухани тәрбиелелік, спорттық, дәстүрлі кештер өтіп отырады. Студенттер арасында неше түрлі сайыстар өткізіліп тұрады. Университет деңгейінде студенттерді 1 курсқа қабылдау, Жас таланттар, Қыз сыны, Жігіт сұлтаны, Наурыз мерекелері өткізіледі. Сонымен қатар, кафедра деңгейінде ақын, жазушылармен кездесу, шетелдік ғалымдармен кездесулер, әр түрлі тақырыптарда сайыстар өткізіліп тұрады. Студенттер бос уақытында кітапханаға, кинотеатрға, спорттық шараларға, музыкалық шараларға арналған уйірмелер бар соларға қатысып өздерінің уақыттарын тиімді пайдаланады. Куратор — Эдвайзерлер студенттермен 24 сағат байланыста болады. Жағдайы төмен отбасыдан шыққан студенттерге, жетім балаларға, көп балалы студенттерге ай сайын асханаға тегін талондар беріледі. Психологиялық кеңестер берілетін арнайы кабинеттер бар, денсаулығы бойынша дәрігерлер қарап кеңестер береді. Студенттер уйы бар, онда жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттерге, көп балалы, жетім балалар, алтын белгімен бітіріп келген студенттер тұра алады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.